

2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 120 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 мамырда № 2647 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Т. Рысқұлов ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бейсен Әшімәліұлы Әлпеисовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Айтақов

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің
2015 жылдың 16 сәуірдегі
№ 120 қаулысына қосымша

2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі № тәрбие беру ұйымдары	Мемлекеттік білім беру тапсырысы (орын), оның ішінде қаржыландырылатыны		Бір айға шаққандағы қаржыландыру мөлшері (тенге), оның ішінде қаржыландырылатыны			Бір айға ата - ананың ақы төлеу мөлшері (тенге)
	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен (орын)	Жергілікті бюджеттен есебінен (орын)	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен (теңге)	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын балабақшаларға, орталықтарға жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін қаржы (теңге)	Тек жергілікті бюджет есебінен (теңге)	

1	Шағын орталықтар	600	230	11506	2062	13568	4000
	Бала бақшалар, оның ішінде балалар санымен :						
	30 балаға дейін	45	75	20900	20100	41000	5000
	31 ден 50 балаға дейін	180	150	20900	11100	32000	5000
2	51 ден 75 балаға дейін	75	0	20900	8100	29000	5000
	76 дан 100 балаға дейін	0	100	20900	5100	26000	5000
	101 ден 150 балаға дейін	140	300	20900	4100	25000	5000
	151 ден 200 балаға дейін	0	0	20900	3100	24000	5000
	201 ден жоғары	280	0	20900	2100	23000	5000
	Барлығы	720	625				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК